«8D02304 - Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Набиолла Насихаттың «Қытайдағы қазақтардың аңыздық прозасы (миф, хикая, аңыз, әпсана-хикаят)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Докторант Набиолла Насихаттың «Қытайдағы қазақтардың аңыздық прозасы (миф, хикая, аңыз, әпсана-хикаят)» тақырыбында жазылған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	1) Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.6. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы);
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	2) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы III Ұлттық құрылтайдағы (2024 жылғы 15 наурыз) Мемлекет басшысының мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге байланысты тапсырмалары мен ҚР ҒЖБМ Тіл саясаты комитетінің «Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»;
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	3) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттарына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	«Қытайдағы қазақтардың аңыздық прозасы (миф, хикая, аңыз, «әпсана-хикаят)» тақырыбында жазылған зерттеу жұмысы сол елдегі қазақтардың аңыздық прозасын ғылыми тұрғыда кешенді зерттеу арқылы фольклортану ғылымына елеулі үлес қосады. Біріншіден, Қытайдағы қазақтардың аңыздық прозасы алғаш рет жанрлық түрлері, жергілікті ерекшелігіне сай кешенді әрі жүйелі түрде қарастырылған. Екіншіден, бұрын ғылыми айналымға

			түспеген тың мәтіндер мен сол елде жиналған деректер, ғылыми зерттеу еңбектері алғаш рет зерттеу нысанына алынып, отандық фольклортануға жаңа мазмұн қосты. Үшіншіден, зерттеуде жинақтау, саралау, салыстырмалы типологиялық талдау, т.б. әдістерді қолдану арқылы елімізде жарық көрген және Қытайда жарияланған фольклорлық мәтіндер қатар алынып қарастырылған, сонымен бірге түркі тектес халықтардың мұрасымен де (тува, башқұрт халықтарының фольклоры) салыстырылып фольклортанудың халықаралық аясын кеңейтті. Зерттеу дереккөздерінің сан алуандығы жұмыстың эмпирикалық және теориялық негізін нығайта түсті. Жинақтап айтқанда, диссертациялық жұмыс өзінің жаңашылдығы, тақырыпты терең меңгеруі және кең дереккөз базасына сүйенуі арқылы қазақ фольклортану ғылымына елеулі үлес қосатын іргелі еңбек болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыстың жазу деңгейі жоғары деп бағаланады. Диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша жариялаған ғылыми мақалаларынан, диссертация жұмысынан да жазу деңгейінің жоғарылығы және өзіндік стилі анық байқалып тұр. Сонымен қатар диссертанттың тақырыпқа қатысты еңбектерге жасаған талдауларынан да жұмысты өзі жазу деңгейінің жоғарылығы танылады. Ғылыми жұмыс академиялық жазу талаптарына сай орындалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу тақырыбының өзектілігі дәлелді негізделген. Шетелдегі қазақтардың фольклорлық мұрасын Кеңестік кезеңде зерттеу мүмкін болмады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана осы тақырыпты қаузауға ден қоя бастады. Шетелдегі қазақтардың, соның ішінде Қытайдағы қазақтардың эпостық мұраларын зерттеу біршама дамыды, ал прозалық фольклорды ғылыми айналымға енгізу кешеңдеп келгені белгілі. Сондықтан бұл зерттеу тың тақырыпты ғылыми айналымға енгізуімен өзекті. Диссертант прозалық фольклордың жанрлық ерекшелігін сақтай отырып, миф, хикая, аңыз, әпсана-хикаят жанрын сатылай қарастырған және жанрлардың ішкі бірлігін сақтауға назар аударған. Сонымен қатар түркі халықтарының фольклорлық

			мұраларымен салыстыру арқылы зерттеудің аукымы кеңейтіліп, өзектілігі арта түскен.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация жұмысының мазмұны зерттеу тақырыбының мәнін толық айқындайды және ғылыми өзектілігі мен зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді. Жұмыста Қытайдағы қазақтардың аңыздық прозасы жан-жақты талданып, оның жанрлық түрлері, аймақтық ерекшелігі, мотив, сюжеттерінің әралуандығы теориялық тұрғыдан қарастырылған. Кейбір мотив, сюжеттердің түркі халықтарымен типологиялық үндестігі және аймақтық ерекшеліктері нақты деректермен салыстырмалы талдаулар арқылы дәйектелген. Сондықтан да диссертацияның құрылымы мен мазмұны таңдалған тақырыпты ғылыми тұрғыда толық ашуға бағытталған және зерттеу нысанына сай келеді.
		1) **айқындайды;**	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері тақырыптың мазмұнына толық сәйкес келеді. Жұмыстың негізгі мақсаты –Қытайдағы қазақтардың аңыздық прозасының жанрлық түрлерін анықтап, отандық фольклортану ғылымының аясын кеңейту болса, осы мақсат аясында қойылған міндеттер де нақты әрі жүйелі түрде белгіленген. Атап айтқанда, прозалық фольклордың жанрларын (миф, хикая, аңыз, әпсана-хикаят) анықтау, олардың өзіндік ерекшелігін ашу, түркі халықтарының фольклорлық мұраларымен типологиялық байланыстарын салыстыруға негізделіп, тақырыпты терең әрі жан-жақты ашуға бағытталған. Осылайша, диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттер тақырыппен тікелей сабақтасып, ғылыми тұтастық пен қисынды құрылым сақталған.
		1) **сәйкес келеді;**	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, төрт бөлімнен, іштей тараушалардан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық жұмыста диссертант аталған бөлімдерді өзара жүйелі түрде байланыстырған. Зерттеу өзектілігі мен мақсаты нақты айқындалған және олардан туындайтын ғылыми міндеттер мазмұндық тұрғыда тараулармен толық сәйкестендірілген. Атап айтқанда, бірінші бөлімде (12-49-бб.) Қытайдағы қазақтардың
		1) **толық байланысқан;**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	

			фольклорлық мұрасының жиналуы, жариялануы, зерттелуі сараланады, сонымен қатар отандық фольклортану ғылымындағы жариялануы мен зерттелуіне мән береді. Ал екінші бөлімде (49-109-бб.) миф пен хикаяның жанрлық ерекшелігіне, кейіпкерлер жүйесіне назар аударады. Осы арқылы мифтерді іштей тотемдік, этиологиялық, антропогендік, космогониялық мифтерге жіктеп, аймақтан табылған тың мәтіндерге талдау жұмысын алып барады. «Аңыз және оның жанрлық түрлері» (110-163-бб.) деп аталатын үшінші бөлім мен «Әпсана-хикаяттың жанрлық ерекшелігі» (164-203-бб) деп аталатын төртінші бөлімінде де тың деректер келтіріп, жаңа мәтіндерді қарастырған. Әдіснамалық негіздер мен дереккөздер ғылыми аппараты ретінде жұмыстың теориялық әрі практикалық мазмұнын дәйектей түседі. Қорытындыда қойылған мақсат-міндеттермен логикалық сабақтастықта беріліп, зерттеудің ғылыми тұтастығын дәлелдейді. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері бір-бірімен логикалық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Набиолла Насихаттың өз пікірін білдіретін сыни талдаулары бар. Автор ұсынған жаңа ғылыми шешімдер мен қағидаттар бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып, нақты сыни талдау арқылы дәйектелген. Мәселен, диссертацияда әпсана-хикаят жанрына байланысты зерттеуге өзек болған мәтіндер негізінен тың дүниелер. Бұл мәтіндер бұған дейінгі зерттеулерде кездеспейді. Онда ел арасынан жиналып, жарияланған діни хикаяттарға басымдық берілген. Пайғамбарлар мен олардың сахабалары, әулиелердің өмір жолында өткерген қиындықтарының кейінгі ұрпаққа үлгі, өнегелі қырлары талданған. Жанрдың басты ерекшелігі – оның танымдық және тәрбиелік қызметінің басым екені зерттеуге негіз болған. Автор бұл тұжырымдарды М.Әуезов, С.Қасқабасов, А.Абсадық, А.Дүйсенбі сынды ғалымдардың зерттеулерімен салыстыра отырып пайымдап, өзіндік ғылыми ұстаным ұсынады.

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу жұмысында ұсынылған нәтижелер мен тұжырымдар толығымен жаңа. Бұдан бұрын ғылыми айналымға түспеген мәтіндерге жасалған талдаулар, аймақ фольклорын жинақтап, жүйлеген сараптаулары, отандық фольклортану ғылымында әлі толық қарастырылмаған, фольклордың аймақтық ерекшелігін ашып көрсетуі диссертацияға жаңа сипат береді. Бұл тақырыпта жекелеген зерттеу мақалалар түрінде талданғанымен, PhD докторлық диссертация деңгейінде алғаш рет кешенді әрі жүйелі түрде зерттеліп отырғаны да жұмыстың ғылыми маңызын арттыра түседі.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Ғылыми жұмыста алынған әр тараудың соңындағы және жалпы диссертациядағы зерттеулер туралы жасаған қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу барысында халық прозасы жанрларының жекелеген ғалымдардың мақалалар жинағында, сондай-ақ газет-журналдарда жарияланған еңбектерде қарастырылғанымен, олардың тұтас жүйе ретінде кешенді түрде зерттеліп, ұжымдық монография деңгейінде жазылмағаны анықталады. (48 б.). Автордың «Халық аңыз-ертегілері» томын саралау барысында онда берілген материалдарды халықаралық Аарне-Томпсон фольклорлық индексі негізінде жүйелеуге талпыныс жасалғаны байқалады. Жинаққа енгізілген халық прозасы мәтіндері осы жүйеге сәйкес нөмірленіп, белгілі бір топтарға бөлінген. Диссертацияда мифтер тотемдік, этиологиялық, антропогендік, космогониялық түрлерге бөліп қарастырылған. Қытайдағы қазақтар арасында таралған мифтік мәтіндердің де осы жүйеге сәйкес келетіні, тек жаңа үлгілермен толығып отырғаны анықталған. Ғылыми айналымға алғаш рет енгізілген мәтіндердің қатарында ит тотеміне қатысты үш миф, киелі терек туралы бір мәтін, сондай-ақ көкбөрі тотемімен байланысты «Орал қойшы», «Бөрібике» және басқа да шығармалар талдауға негіз болған. Этиологиялық мифтер қатарынан да ғылыми айналымға бұрын енгізілмеген бірқатар мәтіндер анықталады. Олар: «Шыбын қалай пайда болған?», «Торғай неліктен жүре
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			алмайды?», «Сарыала қаздың бауыры қалайша сары?», «Ақ тырнаның құйрығы мен қызыл төбетайы», «Кептердің аяғының қызыл болуы» сияқты мәтіндер. Сонымен қатар өңір қазақтарына ғана тән «Қарапұшықтың желі», «Қарағай мен сексеуілдің соғысы», «Жасаған», «Су көтерген көк жайын», «Тау иесі» секілді мифтік аңыздардың бар екендігі анықталады. (108-109-бб.) Қытай қазақтары арасында сақталған, Қазақстан аумағында кең таралмаған хикая нұсқалары негізінде талдау жүргізіледі. Зерттеудің негізгі мақсаты – отандық ғылымда әлі толық игерілмеген фольклорлық мәтіндерді ғылыми айналымға енгізу, оларды түркі халықтарының фольклорлық мұрасымен салыстыра қарастыру болды. Сюжеттері мен мотивтері ортақ болғанымен, өзіндік ерекшелігі бар жаңа мәтіндердің сақталғанын дәлелдеу осы зерттеу жұмысының маңызды міндеттерінің бірі ретінде қарастырылады. (108-б.) Тарихи аңыздар бойынша Абылай хан, Қабанбай, Арқалық батырларға қатысты аңыздардың жиналуы мен жариялануына шолу жасалып, ғылыми тұрғыдан жеткілікті зерттелмеген Ер Жәнібек Бердәулетұлы туралы аңыздарға зерттеу жасалған. Батырға қатысты қырыққа жуық аңыздағы сюжеттер мен мотивтер талданып, оларды басқа тарихи тұлғаларға қатысты аңыздармен шатастыру мәселесі ғылыми тұрғыдан сараланған. Сонымен қатар Бердіқожа батыр, Есенгелді батыр, Боқы батыр, Демежан батыр, Бөке батыр және Басбай Шолақұлы, т.б. жөніндегі аңыздар зерттеу нысанына алынып, олардың халық жадында сақталуы мен аймақтық ерекшеліктері талданған. Тарихи аңыздардың маңызды сипаты – олардың белгілі бір өңірге тән болып келуі және сол арқылы аймақ тарихын танытуы екендігі көрсетілген. Қытайдағы қазақтар арасында сақталған жер-су атауларына қатысты аңыздардың сақ, ғұн, түркі дәуірлерінен бастау алатын тарихи оқиғалармен сабақтас екені анықталған. Кейбір көне атаулардың өзі сақталғанымен, сол нысандардың қазіргі таңда жойылып кеткені анықталған. Сонымен қатар қазақ халқының

			тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы және көшпелі өмір салты негізінде қалыптасқан топонимдік аңыздарға, әсіресе жылқыға, арасан мен үңгірлерге байланысты туған аңыздарға талдау жасалған. Диссертацияда діни мазмұндағы хикаяттар да зерттеу нысаны ретінде қарастырылған. Пайғамбарлар, олардың сахабалары мен әулиелердің өмір жолында кездескен қиыншылықтары, олардың кейінгі ұрпаққа өнеге болатын тағылымдық қырлары сараланған. Автордың осы мәселелерге байланысты қортындылары толығымен жаңа деп есептейміз.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстағы ғылыми тұжырымдарды теориялық және әдіснамалық тұрғыдан жан-жақты негізделген, ғылыми жаңалығы айқын нәтижелер деп бағалауға болады. Автордың қытай қазақтарының аңыздық прозасын зерттеуге байланысты ұстанымдағы ғылыми тұрғыдан дәйектелген, зерттеу нысаны айқын, қорытқан шешімдері толығымен жаңа. Сонымен қатар жұмыста қолданылған талдау тәсілдері мен ғылыми пайымдаулар зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Зерттеу жұмысында ұсынылған барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдермен негізделген. Әрбір тұжырым нақты фольклорлық мәтіндермен, деректермен, ғалымдардың ғылыми тұжырымдарымен дәйектелген. Осындай жан-жақты дәлелдемелерге сүйене отырып жасалған тұжырымдар зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен сенімділігін күшейтеді, әрі жұмыстың ғылыми құндылығын айқындай түседі.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Диссертацияда қорғауға шығарылған негізгі ережелер ғылыми тұрғыдан нақты дәлелденген. Автор аңыздық прозаны жан-жақты саралап, оның синкретті жанр ретіндегі табиғатын нақты деректермен негіздеген. 7.1. Жұмыста ұсынылған қағидидаттар дәлелденген. 7.2. Диссертацияда көрсетілген дәлелдер мен тұжырымдар тривиалды емес. 7.3. Диссертацияда келтірілген тұжырымдар нақты мысалдармен дәлелденген және жаңа болып табылады, себебі

		7.2 Тривиалды ма?	Қытайда жекелеген фольклорлық жанрлар сипатталғанымен, диссертацияда алғаш рет жүйелі түрде сараланған. 7.4. Диссертацияда дәлелдене көрсетілген қағидаттардың қолдану деңгейі кең. 7.5. Диссертацияда прозалық фольклор жанрларының өзіндік ерекшеліктері, қағидаттары мен тұжырымдары дәлелді көрсетілген.
		1) ия;	
		2) **жоқ;**	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негізі нақты көрсетіліп, ғылыми мақсат пен міндеттерге сай негізделген. Зерттеу жұмыста жинау, саралау, сипаттау, талдау, синтездеу, жалпылау сынды жалпы ғылыми тәсілдермен қатар, тарихи-типологиялық, текстологиялық, салыстырмалы әдістер жүйелі түрде қолданылған. Қытай қазақтарының аңыздық прозасын зерттеу тәсілдері жалпы қазақ фольклорын зерттеу, жинақтау, саралау, текстологиялық талдау жұмыстарына сәйкес нақты жүргізілген.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеу жұмысының нәтижелерін шығаруда, компьютерлік технологияларды қолдану арқылы, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістеріне сүйене отырып, деректерді цифрлық өңдеу және интерпретациялау тәсілдерімен алынған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу жұмысы барысында ұсынылған теориялық қорытындылар, анықталған фольклорлық жанрлар арасындағы өзара байланыстары іздену жұмыстары негізінде жинақталған материалдар арқылы дәлелденіп, олардың халық дүниетанымындағы қызметі айқындалған. Қытай қазақтарының аңыздық прозасының басқа түркі халықтарының аңыздық прозаларымен байланыстылығы талданған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеу жұмысын жазу барысында тақырыпқа қатысты бұрын жарыққа шыққан отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне, монография, ғылыми мақалалар, конференция материалдарында жарық көрген жарияланымдар талданып, сілтеме берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Оған диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша сенімді ғылыми зерттеулерге шолу жасағандығы, жұмысты орындау барысында 214 дереккөз пайдаланғандығы дәлел бола алады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Зерттеу жұмысының теориялық маңызы Қытайдағы қазақтардың аңыздық прозасын фольклортану ғылымы тұрғысынан тұңғыш рет жанрлық-құрылымдық тұрғыдан кешенді зерттеуімен ерекшеленеді. Зерттеуде аңыздық прозаның басқа фольклорлық жанрлармен арақатынасы, типологиясы,
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	

			түркі халықтары фольклорымен салыстырмалы аспектілері кеңінен талданып, отандық фольклортануға жаңа теориялық тұжырымдар мен әдіснамалық негіздер қосылды деп есептеуге болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның практикалық маңызы бар. Зерттеу нәтижелерін фольклортану бойынша жоғары оқу орындарында жүргізілетін базалық және кәсіби пәндер курсына мен семинар сабақтарында, сондай-ақ этнография және мәдениеттану салаларында қолдану мүмкіндігі жоғары. Сонымен қатар жұмыста жинақталған материалдар мен тұжырымдар фольклорлық мәтіндерді оқытуда, дәстүрлі мәдени мұраны насихаттауда, қазіргі ғұрыптық рәсімдерді ғылыми негіздеуде пайдалы көмекші құрал ретінде қызмет ете алады.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертация жұмысында ұсынылған ұсыныстар толығымен жаңа. Автор фольклортануда бұрын-соңды арнайы қарастырылмаған қытай қазақтарының аңыздық прозасы жөнінде тың мәтіндерді ұсынады.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылған талаптарға сай жазылған. Диссертацияның жазылу стилі әдеби тіл нормаларына сәйкес келеді.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертация мазмұнымен, ұсынылған тұжырымдармен, олардың дәлелдемелерімен танысып, зерделеуде арнайы ескерту жасайтындай кемшілік кездеспеді. Дегенмен мынадай ұсыныс айту керек: Болашақта қытай қазақтары арасында айтылатын «миф», «хикая», «аңыз», «әпсана-хикаят» сияқты прозалық фольклор жанрларының мәтіндерін, олардың аудио және бейне үлгілерін жинақтап, цифрлық архив құрса жұмыстың құндылығын арттыра түсер еді.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Ізденушінің диссертация тақырыбы бойынша 12 жарияланымы бар. Оның ішінде 1 ғылыми мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда, 5 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 5 мақала халықаралық конференция жинақтарында, 1 мақала республикалық конференция жинақтарында жарық көрген. Әр жарияланымның ғылыми деңгейі жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша Набиолла Насихаттың (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынған «Қытайдағы қазақтардың аңыздық прозасы (миф, хикая, аңыз, әпсана-хикаят)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша **Набиолла Насихаттың** (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынған **«Қытайдағы қазақтардың аңыздық прозасы (миф, хикая, аңыз, әпсана-хикаят)»** атты диссертациясына жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті **А.Ш.Пангереев**